

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯЛЫҚ СОТЫНДА**

**3 желтоқсан 2025**

**№ AIFC-C/CFI/2025/0059 іс**

**Миропольский Вадим Евгеньевич**

**Талап қоюшы**

**қарсы**

**(1) «TANDAU FINANCE» ЖШС**

**(2) «UNIPARK» ЖШС**

**(3) Әбдрахман Жасұлан Серікұлы**

**(4) Әбдрахман Махаббат Серікқызы**

**(5) Кульбатырова (бұрынғы Абдурахманова) Тамила Жасуланқызы**

**Жауапкерлер**

---

**ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ**

---

**Сот Судьясы:**

**Том Монтагю – Смит КС**

### ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2025 жылғы 7 қарашадағы талап мәлімдемесінің негізінде Талап қоюшы Сотқа ХТО №36/2025 төрелік іс бойынша 2025 жылғы 25 қыркүйектегі біржақты төреші Кириченко Илья қабылдаған Төрелік шешімнің «М» бөлімінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы Бұйрық беруін сұрады.
2. Төрелік шешімді қарағаннан кейін мен талап мәлімдемесі негізді деп шештім. Сол себепті мен былай бұйырамын:
  - 1) Миропольский Вадим Евгеньевичтың TANDAU FINANCE ЖШС, UNIPARK ЖШС, Әбдрахман Жасұлан Серікұлы, Әбдрахман Махаббат Серікқызы, Абдурахманова Тамила Жасуланқызыға қатысты 2023 жылғы 16 қарашадағы №L-0750/67 қарыз шарты бойынша негізгі қарыз сомасын 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде ортақ тәртіппен өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылсын және TANDAU FINANCE ЖШС, UNIPARK ЖШС, Әбдрахман Жасұлан Серікұлы, Әбдрахман Махаббат Серікқызы, Абдурахманова Тамила Жасуланқызыдан ортақ тәртіппен Миропольский Вадим Евгеньевичның пайдасына 500 000 (бес жүз мың) теңге өндірілсін.
  - 2) Миропольский Вадим Евгеньевичның TANDAU FINANCE ЖШС-ке қатысты қарыз шарты бойынша 215 075 (екі жүз он бес мың жетпіс бес) теңге мөлшеріндегі соманы өндіріп алу туралы талабы, оның ішінде: 25 000 (жиырма бес мың) теңге сыйақы, 25 000 (жиырма бес мың) теңге валюталық өтемақы, 25 000 (жиырма бес мың) теңге мерзімді кешіктіргені үшін айыппұл, 140 075 (жүз қырық мың жетпіс бес) теңге өсімпұл – ішінара қанағаттандырылсын және TANDAU FINANCE ЖШС-дан Миропольский Вадим Евгеньевичның пайдасына: 25 000 (жиырма бес мың) теңге сыйақы сомасы; 25 000 (жиырма бес мың) теңге мерзімін бұзғаны үшін айыппұл; 130 000 (жүз отыз мың) теңге өсімпұл сомасы өндірілсін, талаптың қалған бөлігінде – қанағаттандырудан бас тартылсын.
  - 3) «TANDAU FINANCE» ЖШС, «UNIPARK» ЖШС, Әбдрахман Жасұлан Серікұлы, Әбдрахман Махаббат Серікқызы, Кульбатырова Тамила Жасуланқызыдан бірігіп Миропольский Вадим Евгеньевичтің пайдасына 181 825 (жүз сексен бір мың сегіз жүз жиырма бес) теңге көлеміндегі төрелік шығындары өндірілсін.
3. Жауапкерге осы Бұйрық табыс етілген күннен бастап жеті күн ішінде оны жою туралы өтініш беру құқығы түсіндіріледі.
4. Осы Бұйрық а) жоғарыда көрсетілген 3-тармақта белгіленген мерзім өткенге дейін; немесе б) көрсетілген мерзім ішінде Жауапкер ұсынған өтініш толық қаралып, ол бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін (қайсысы кейінірек болса), орындауға жіберілмейді.

Сот қабылдады,

Том Монтагю – Смит КС,  
Судья, АХҚО Соты

**Өкілдік:**

Талап қоюшы өз мүдделерін дербес түрде өзі қорғады.

Жауапкер өкілдік етілмеді.